

**Р.К. Ибраев, Н.О. Байғабылов, Ж.А. Тусупбеков, А.Д. Абуов**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(E-mail: ibrayruslan@gmail.com<sup>1</sup>, n.baigabyl@mail.ru<sup>2</sup>, tusupbekovz@bk.ru<sup>3</sup>, akmanat.dauletkyzy@gmail.com)*

## Түрлі жарақаттардың қазақ халқының діни жадына әсері

**Андатпа.** *Жад тақырыбын қолға алған зерттеуші әр халықтың жадында жақсы күндердің қасында бір трагедия қатар жүретіндігін байқайды. Бұл жағдай қазақтарға да қатысты. Қазақтардың ұлт болып қалыптасқан бірнеше жүзжылдық тарихында көптеген саяси және әлеуметтік жағдайлар орын алды. Солардың ішінде «травма» түсінігіне сәйкес келетін трагедиялар да болды. Бірақ, бүгінгі қазақ тарихына көз жүгіртсек травмалардың көп айтылатындығын байқаймыз. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» (1723-1927), Ашаршылық (1931-1933) және қазақ зиялыларына жасалған қуғын-сүргіндер (1937-1938) соның дәлелі. Аты аталған трагедиялардың ішінде 1928-1964 жылдар аралығында қазақтардың діни жадында орын алған травмалар да бар. Бірақ бұл тақырып бүгінгі күнге дейін жүйелі түрде қолға алынбай келеді.*

*XX ғасыр бойына қазақтардың діни жадына билік тарапынан түрлі қудалаулар ұйымдастырылып, мешіттер мен медреселер жабылды және діни білім беру тоқтатылды. Осы қатарда қазақтардың діни жадындағы орны толмас травмалардың бірі – дін гұламалары мен қайраткерлеріне қарсы жасалған қастандықтар еді. Өйткені, діни гұрыптарға басшылық қылатын олар жазбаша мәдениеттің сақталуынан бастап, діни дәстүрдің сабақтастығына дейін маңызды рөл ойнады.*

*Қолға алынып отырған еңбек діни жадтағы травмада дін гұламалары мен қайраткерлерінің орның зерттеуге бағытталады. Бұл жұмыста діни жадтағы травмадан ілгерілей отырып, биліктің ұжымдық жадтан дін гұламалары мен қайраткерлерінің есімдерін ұмыттыртуға тырысуы, олардың есімдерінің отбасылық жадта сақталуы және тәуелсіздік алғаннан кейін қайта жаңғыру себептерін түсінуге тырысамыз. Қазақтардың діни жадындағы дін гұламалары мен қайраткерлерінің өмірін зерттеу тек олардың мұрасын зерттеумен ғана байланысты емес, сонымен қатар травманың ұжымдық жадқа әсерін кең ауқымда қарастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан зерттеу күйзеліс жағдайында діни жадтың сақталуына және келесі ұрпаққа тасымалдануына мүдделі кісілер үшін қызықты болуы мүмкін.*

**Түйін сөздер:** *әлеуметтену, дін, ұжымдық жад, діни жад, тарихи травма, болмыстың қалыптасуы, діни гұрыптар, ұмыту психологиясы, еске алу үрдісі.*

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-145-4-352-362>

## Кіріспе

Діни жадтағы травманы зерттеу бірінші кезекте елдің дін саласындағы саясатының дұрыс бағытта жүргізілуі үшін маңызды. Өйткені, ортаға шықпаған травма қоғамның қандай да бір әлеуметтік жағдайларға қалай әсер ететінін, кейінгі ұрпақтың жадында бұл жағдайдың қалай көрініс табатындығын болжауға қиындық туғызады. Травмалар күтпеген жағдайда, күтпеген жолдармен ортаға шықса, бірінші кезекте қоғамның тұрақтылығы үшін қауіп төндіруі мүмкін. Посткеңестік елдердің жағдайында бұл тіпті өзекті мәселе.

Зерттеу жүргізу барысында төмендегідей мақсаттар қойылды:

1. Саяси, әлеуметтік және діни аспектілерден ілгерілей отырып 1928-1964 жылдар аралығында қазақ қоғамында орын алған дін ғұламаларына және қайраткерлеріне жасалған қысымдарды анықтау және белгілеу.

2. Травманың қазақ халқының діни сенімі мен дәстүріне әсерін талдау және діни жадтағы өзгерістерді зерделеу.

3. Қазақтардың діни жадта орын алған травмаға бейімделуі және ұмыту жолдарын қарастыру.

4. Дін ғұламаларының жадта сақталу жолдарын зерделеу және уақыт ішінде қалай өзгергендігін бақылау.

5. Қазақтардың травма жағдайында дін ғұламалары және қайраткерлері жайлы естеліктерді келер ұрпаққа тасымалдау жолдарын қарастыру.

Бұл міндеттер бізге травманың қазақтардың діни жадына қалай әсер еткендігін және діни наным-сенім мен символдармен қандай қарым-қатынаста болғандығын түсінуге мүмкіндік береді.

Бұл тақырыпты таңдауға бірнеше себеп болды. Біріншіден, діннің әрбір халықтың ұжымдық жадында өзіндік орны бар. Сонымен қатар өз табиғатынан символдар мен дәстүрге бай және этникалық топтың бірегейлігі мен ерекшеліктерін қалыптастыруда маңызды рөл ойнайды. Сондықтан, травмалар діни жадқа, яғни жалпы қазақтардың болмысына қалай әсер еткендігін түсіну маңызды. Екіншіден, бұл тақырыпты таңдау бүгінгі Қазақстан Республикасының дін алаңындағы «дәстүрлі ислам» тұжырымдамасын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің нәтижесі бірнеше маңызды қолданыс аясын тудыруы мүмкін. Біріншіден, бұл діни ғибадат пен діни дәстүрді түсінуге мүмкіндік тудырса, екіншіден, діни жадтағы травманы тереңірек қарастыруға мүмкіндік береді. Осылайша діни жадтағы травманың қоғам үшін және жекелеген тұлғалар үшін әсерін зерттеуге және жұмсарту бойынша пайдалы шешімдер шығаруға жол ашады.

### Зерттеу әдісі

Мақалада Ян Ассманның травма және ұмыту, Алейда Ассманның триумф және травмаға қатысты тұжырымдамалары қолданылды. Ғылыми еңбектер мен басқа да жазулы ақпарат көздерін зерделей отырып 1928-1964 жылдар аралығында Қазақ ССР аумағында дін ғұламаларына жасалған қысымдарға сипаттама беріледі. Бұл кезең КСРО-да дінге ауқымды қысым жасалған Йосиф Сталин (1922-1953) және Никита Хрущевтардың (1953-1964) басқарған кездеріне сәйкес келеді.

Жазба деректерді қолданумен қатар зерттеуде дін ғұламалары мен қайраткерлеріне жасалған қысымды жақсы түсінуге мүмкіндік беретін сұхбат әдісі қолданылды. Кездейсоқ таңдау арқылы алынған және еркін формада жүргізілген сұхбаттарға 1931-1963 жылдар аралығында туған 13 кісі қатысты және сұхбаттар 2023 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Астана, Жезқазған, Сәтбаев қалаларында және Ұлытау селосында жүргізілді. Сұхбатқа қатысушыларға олар туралы ақпараттар ғылыми мақсатта қолданылатындығы және есімдері жасырын түрде өңделетіндігі жайлы кепілдік берілді.

### Талқылау

Жад болмысты, құндылықтар мен бірегейлікті қалыптастыратын белсенді және серпінді үдеріс. А. Ассман жадтың жеке, отбасылық, ұжымдық және мәдени болып бөлінетіндігін алға тартады. [1: 222-230 б.] Оның ішінде отбасылық жад (кей кездері балалардың «бұзылған телефон» ойынына ұқсаса да) өзінің өзгерістерге бейімділігі және өміршендігінің арқасында жадты ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдауда ерекше маңызға ие. [1: 195 б.] Автор отбасылық жадтың тасымалдаушыларының өмірден озуымен 80-100 жылдан соң ұмытыла бастайтынын жазғанымен, өлгендер жайлы естеліктерді сақтаған жиһаз, хат, сурет және сол секілді заттар арқылы одан да ұзақ уақыт сақталатындығын алға тартады.

[1: 53 б.] Сондықтан, отбасылық жад қоғамдық ортада көптеген естеліктерді сақтайтын қойма қызметін атқарады.

Я. Ассман жад үшін өлілер жайлы естеліктің маңыздылығын жазады. [2: 64-67 б.] Өйткені, өлім ол үшін жадтың ортаға шығуының алғышарты. Бұл тұжырым А. Ассманның еңбектерінде жалғасын табады. А. Ассман үшін отбасы тек адамның туған ортасы емес, сонымен қатар еске алу астары арқылы өлген адам туралы естеліктердің сақталатын және тасымалданатын жері. [1: 18 б.]

Бірақ жад өзінің тасымалдаушыларының өмірден озуымен немесе тасымалдаушылардың болмауының әсерінен ұмытылуы мүмкін. Кейде тасымалдаушылар жадтағы естеліктерді ой елегінен қайта өткізу арқылы оған тіпті басқа мағына берулері де мүмкін. Бұл жадта орын алған травмаларға да қатысты, өйткені травмалар ұмытылулары да мүмкін, ал кейде тіпті басқа мағынаға ие болулары мүмкін. Осыдан-ақ мәдени жадтың тұрақтап қалған құбылыс емес екендігін байқауға болады.

Жадтардың ішінде діни жад ұжымдық жад пен әдет-ғұрыптарды қалыптастыра отырып, халықтың мәдениетін және болмысын айқындауда маңызды рөл ойнайды. Ол халықтың тарихына, рухани және әлеуметтік-мәдени өміріне әсер етіп қана қоймай, сонымен қоса мәдениетті бірегей қылатын нысандар мен дәстүрлерді қалыптастырады. Бүгінгі жад тақырыбына қатысты зерттеулерде діни жадты көп жағдайда мәдени жадтың бір бөлігі ретінде қарастырады. Бірақ діни жад өзінің сабақтастығының арқасында [2: 230-247 б.] кей кездері мәдени жадтан да ұзақ өмір сүріп, тіпті кейде оны өз ішіне алады.

Дін ғұламалары туралы жад та осылайша кейбір жағдайларда отбасылық жадта сақталып, кейде ұмыттыру механизмдерінің әсерінен белгілі бір уақыт аралығында ұмытылып немесе басқа сипат алуы мүмкін.

Жалпы КСРО кезеңінде қазақтарға қарсы қысымдар 1928 жылы ұжымдастыру кезеңінде байлардың мүлкін тәркілеуден басталды десек болады. «Кулак» ретінде мал-мүлкі тәркіленген байлар ел ішінде немесе шет елге отбасыларымен бірге жер аударылды. Кейін бұл саясат 1931-1933 жылдардағы Зұлматқа және 1937-1938 жылдардағы қазақ зиялыларына қарсы зұлымдарға ұласты.

Көрсетілген уақыт аралығында халық арасында ықпалға ие болуы мүмкін топ болғандықтан, сонымен қатар ресми идеология мен басқару жүйесіне қауіп төндірулері мүмкін болғандықтан дін ғұламалар мен қайраткерлеріне де қысым жасалды. Осылайша, билік ресми идеологияға бәсекелес болатын барлық идеологияны жойып, орталықтан басқарылатын билік жүйесін құра бастады. Осылайша 1938 жылға келгенде кеңес билігі толық авторитарлы және тоталитарлы сипат алды. [3: 363 б.]

Дін ғұламалары мен қайраткерлерінің жад үшін маңыздылығынан ілгерілей отырып сұхбатқа қатысушыларға бірінші сұрақта «Қазақ халқының тарихында болған қандай дін ғұламалары мен қайраткерлерді білесіз?» деген сұрақ қойылды. Сұхбатқа қатысушыларан 8 кісі «тарихта болған» деген тіркесті естімей, бірден Арман Қуанышбаев, Еркін Әміре, марқұм Абдуғаппар Сманов, Қайрат Жолдыбайұлы, Қанат Жұмағұл, Ризабек Батталұлы, Абдусаттар Сманов, Қабылбек Әліпбайұлы, Сансызбай Құрбанұлы секілді дін ғұламаларына ешбір қатысы жоқ Қазақстан мұсылмандар діни бірлестігіне (ҚМДБ) қарасты уағызшылардың аттарын атады. Үш кісі тарихта болған дін ғұламасы болып табылмайтын, бірақ дін саласында маңызды еңбектері бар Әшірбек Муминов, Алау Әділбаев және марқұм шығыстанушы, ҚМДБ-нің бұрынғы Бас мүфтиі Әбсаттар қажы Дербісәлі секілді ғалымдардың аттарын атады.

Бұл кісілерге сұрақта тарихта болған дін ғұламалары мен қайраткерлері жайлы сұралғандығы қайталанғаннан кейін барып естеріне бізге керек болған кісілерді ала бастады. Дін ғұламалары мен қайраткерлерінің ішінде Шәкәрім Құдайбердіұлының есімі 7 рет, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының есімі 5 рет, Сәдуақас Ғыламанидің есімі 3 рет, Науан Хазіреттің есімі 2 рет, 1 реттен Бейіс Хазірет және Бейсен Хазіреттердің есімдері қайталанды. Кейде сұхбатқа қатысушылар қазақ тарихында болған, бірақ дін ғұламалары мен қайраткерлеріне ешбір қатысы ақыны, философ Абай Құнанбайұлы

(3 рет), ағартушы, алғашқы қазақ-орыс мектебін ашушы Ыбырай Алтынсарин (1 рет), мистик ақын Балмағамбет Балқыбайұлы (1 рет) және халық арасында әулиелігімен танылған Марал Ишан (1 рет) секілді кісілердің де аттарын атады. Сұхбат барысында қатысушылардың көбінің өз өңірлерінен шыққан ғұламалар мен діндар тұлғалардың есімдерін еске алатындықтары байқалды.

Зерттеу барысында сұхбатқа қатысқан респонденттер тарапынан есімдері ең көп қайталанған үш кісінің өмірбаянына бір көз жүгіртуге болады. Олардың алғашқысы - ақын, философ және тарихшы болған Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931). Абайдың замандасы және немере інісі болған Шәкәрімнің өлеңдерінде дін тақырыбы жиі көтеріледі. Шәкәрім Меккеге қажылыққа барған және 1905-1906 жылдары Ыстамбұлдың Сүлеймание кітапханасында болған. Ақын дін тақырыбында жазылған өлеңдерімен қатар мұсылмандық тақырыбын қолға алатын «Үш анық» және «Мұсылмандық шарты» секілді еңбектер де жазған.

Көзі тірісінде Шәкәрім Алаш қозғалысы көшбасшыларының үлкен құрметіне ие болған. [4: 280 б.] Ол 1931 жылы үлкен ұлы Ғафур Семей түрмесінде қорлықпен қаза болғаннан кейін Шақпақтыдағы қыстауына сыйынған. Большевиктер билікке келгеннен кейін қудалауға ілініп, 1931 жылы Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма (ОГПУ) жеңдеттері тарапынан атып өлтірілген. Ақынның мүрдесі құдыққа тасталып, 1961 жылға дейін сонда қалған.

Діндар, саяси қайраткер Шәймерден Қосшығұлұлының (1874-1932) да тағдыры қиындықтарға толы болған. Шәймерден жас шағында ауыл молдасынан хат танып, кейін білімін Көкшетаудағы Науан Хәзіреті медресесі мен Бұқарада жалғастырады. Оқуы аяқталғаннан кейін елге оралып, Науан Хәзіреті ұстаған мешіт жанында құрылған интернатта ұстаздық қылады. 1903 жылы саяси белсенділіктері себебінен Сібірге айдалып, 2 жылдан аса уақыт сүргінде болады. 1905 жылғы Бірінші орыс төңкерісінен кейін дінге қысым азайып, қоғамның демократиялануы барысында І Мемлекеттік Думаға Мұсылман фракциясының атынан депутаттыққа сайланады. Қайраткер І Дума секілді өмірі қысқа болған ІІ Думаға да сайланады, бірақ ол да таратылғаннан кейін елге қайтады. Елге оралған соң «Серке» газетін шығарып, саяси белсенділігін жалғастырады. Қайраткер 1931 жылы Петропавл түрмесіне жабылады. Әбден қиналып, саясаттан қысым көрген ол 1932 жылы Омбы өңірінде қайтыс болады. [4: 280-281 б.]

Сәдуақас Ғылмани (1890-1972) ақын Шәкәрім мен саяси қайраткер Шәймерденге қарағанда дін ғұламасы болған кісі. Ол 1901 жылдан бастап мударрис және имамдық кісіпке оқып, 1904 жылдан бастап күнкөріс мақсатында молдалық қылған. Сәдуақас 1929 жылдан бастап атқарып жүрген қызметіне байланысты биліктен қысым көре бастайды (тергеу, түрмеге жабу, жер аудару). Жеке құжаттары тартылып алынған ол түрмеден Әбдікерім Мусимов/Муслимов деген кісінің құжатымен шығады. Осы жағдайдан кейін ғұлама Ресейдің Омбы облысына көшіп кетіп, 1946 жылға дейін сол жақта өмір сүреді. [5: 10-11 б.] 1946-1952 жылдар аралығында Ақмола қаласының имамы қызметін, 1952-1972 жылдар аралығында Қазақ КСР қазии қызметін атқарады.

Атқарған қызметтеріне қоса Ғылмани 108 мың сөзден тұратын «Араб-қазақ сөздігін» құрастырған. Кейіннен бес томнан тұратын бұл еңбекке 27 томдық қосымша жазған. Алғашқылардың бірі болып кәсіпқой дәрежеде Құран мен оның түсіндірмелерін қазақ тіліне аударған. Ол апологетика бойынша трактат жазып, атеистердің исламға шабуылына жауап берген. «Діни педагогика», «Мәуліт кітабы» және «Иман-шарт» атты діни курс әдіснамасын жазған. [5: 13 б.]

Әрине, 1928-1964 жылдар аралығында қуғын көрген дін ғұламалары мен қайраткерлерінің есімі бұл үш кісімен аяқталмайды. Биыл жыл басында елімізде Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссия материалдарының негізінде жаңа 31 томдық еңбек таныстырылды және еңбектің 1 томы діни сенімі үшін қудаланғандарға арналған көрінеді. Өкінішке орай зерттеу жүргізілген уақытта бұл еңбекке әлі де қолжеткізу мүмкін емес еді.



Сұхбаттың екінші сұрағында қатысушылардан «Бұл кісілердің өмірлері жайлы не білесіз?» деп сұралды. Сұхбатқа Астана қаласынан қатысқан зейнеткер Ықлима ханым (1945 жылы туған) Ғылманидің өмірі жайлы жан-жақты ақпарат берді. Оның айтуынша дін ғұламасы күйеуі жағынан туысы болып келеді екен. Сондықтан, қазақ дәстүрін қатты ұстанатындығы белгілі болған Ықлима ханым сұхбат барысында ғұламаға қатысты «атам» деген ілтипат қолданды.

Ықлима ханымның айтуы бойынша ғұлама соңғы кезге дейін (1946 жылды меңзесе керек) есімін жасырып, биліктен қашып жүрген. Тіпті, ол түрмеден қасындағы адам қайтыс болып, оның құжаты арқылы аман шыққан. Әйтпесе ғұлама «*атылып кетуі де мүмкін*» екен. Қашып жүргендіктен көп уақыт өз отбасынан, жақындарынан ұзақта қалған. Кейін Одақтың дін саясатының жұмсарған кезінде елге келіп имамдық, қазилық қызметтер атқарған. Ықлима ханымның айтуынша ғұлама көзі тірісінде халық арасында ерекше құрметке ие кісі болған.

Астана қаласының тұрғыны, зейнеткер Ғәділбек мырза (1959 жылы туған) да қазақ тарихында болған ғұламалардан Ғылманиді атады. Ол кісі Кеңес Одағы кезінде қазақ жерінде өмір сүрген дін ғұламаларының қиын тағдырын баяндай келе Ғылманидің де тағдырынан ерекше жағдайлар баяндады. Ғәділбек мырзаның туған жері – Қорғалжын ауданында ғұламаның жақын араласқан жолдасы тұрған екен. Сол жолдасы Большевиктер билікке келмей тұрып қажылыққа барған діндар кісі екен және Ғылмани оған келіп, екеуі дүз далаға шығып, әңгіме дүкен-құрады екен. Ғылмани келгенде ауыл халқы оған үлкен құрмет көрсетіп, сый-құрмет танытатын көрінеді.

Астана қаласының тұрғыны, зейнеткер Өмірзақ ақсақал (1933 жылы туған) да Науан, Бейіс және Бейсен хәзіреттердің өмірлерін баяндады. Бұлардың ішінде Шәймерден Қосшығұлұлының ұстазы болған Науан хәзіреттің көрген қиындықтарымен бөлісті. Сібірге Қосшығұлұлымен бірге қудаланған Науан хәзіреті ол кезде егде жасқа келген кісі екен. Хәзірет Сібірден қоралған соң да билік тарапынан қудалау тоқтамаған дейді, ақсақал. Ал Бейсен хәзірет ақсақалдың туып-өскен Қостанай өңірінің тумасы шықты.

Өмірзақ ақсақалдың айтуынша ол кездері қазақтардың арасынан көптеген дін ғұламалары шыққан және олардың көбісі Ресей Империясының қазақтарды шоқындыру саясатына (1880-1905) төтеп берген, Бұқара мен Самарқанд секілді білім орталықтарында оқыған оқымыстылар болған. Ақсақалдың айтуынша Кеңес дәуірінде бұл кісілердің балалары мен немерелері биліктің қудалауынан қорқып, тектері мен әкелерінің аттарын да ауыстыруға мәжбүр болған көрінеді. Сондықтан, дін ғұламаларының есімдері тек отбасы жадында сақталып, тәуелсіздік алған соң ру астарында айтыла бастап, осылайша шежіреге кіргізілген. Сондықтан бұл кісілердің есімдері халық арасында қайтадан тек тәуелсіздік жылдары таныла бастаған. Осы жылдары олардың мазарлары жаңартылып, тіпті кейбіреулеріне мазар жаңадан көтерілген екен. Ақсақал құда-жекжат, басқа да туыстық жолдарымен сондай астарға қатысқандығын, кейбір дін ғұламаларының есімдерін сол астарда естігендігін баяндады.

Астана қаласының тұрғыны, зейнеткер Иса ақсақал (1947) Науан хәзіреттің өмірі жайлы ақпараттармен бөлісті. Оның айтуынша 1930-шы жылдары қудаланатындығын білген көптеген дін ғұламалары мен молдалар Қытай, Моңғолия, Ауғанстан және Иран елдеріне бағыт алған көшпен бірге сол жаққа өтіп кеткен. Олардың кейбіреулері шекарада Қызыл әскердің қолына түсіп, шәйіт болған. Өз ауылындағы дін ғұламалары мен молдалардың осылай көшіп кеткендігін, Моңғолия мен Қытай шекарасы жабылған соң тіпті кейбіреулерінің бас сауғалап Сібір ормандарына, яғни Ресей жаққа қашқандығын айтты (Ғылманидің тағдырымен ұштасатындығын байқауға болады). Ресейдің Орынбор өңірінің тумасы және соңғы жылдарға дейін туған жерімен байланысын үзбеген Ықлима ханымның айтқандары да Қылдыбек ақсақалдың айтқандарымен ұштасатын еді. Ықлима ханымның айтуынша соңғы кездерге дейін Ресей аумағында тұрған кейбір қазақтар өздерінің шын есімдері мен діни білімдерінің бар екендігін жасырған көрінеді. Сол кісілердің ішінде де қашқан дін ғұламаларының болуы мүмкін екендігін болжауға болады.

«Дін ғұламалары мен қайраткерлерінің өмірлері жайлы ақпаратты қайдан аласыз?» деген үшінші сұраққа сұхбатқа қатысушылар ақпаратты көбіне кітап және газет-журналдардан алатындықтарын айтты. Өмірзақ ақсақалдың үйінде Шәкәрім және Науан хәзіреттің кітаптары бар екен. Ақсақал кітаптарының ішінде Әшірбек Муминовтың басшылығымен шыққан Ғыломанидің «Заманымызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары» еңбегін сүйіп оқитындығын білдірді. Сонымен қоса, ақсақал ҚМДБ шығаратын «Иман» журналы мен «Мұнара» газетіне жазылған. Жоғары білімі бар ақсақалдың егде жасқа келсе де оқуға құмар екендігі байқауға болатын еді. Өйткені, ақсақал Қазақстандағы ислам дінінің тарихы, руханият тақырыптарына қатысты деректерді жақсы білетіндігін көрсетті және айтқан ақпараттары жазулы деректермен сәйкес келетін. Өмірзақ ақсақал 2000-шы жылдардан кейін мешіт үшін жылу жинап, кейін дін үйреніп, молдалық қызметтерге атсалысқан.

Сәтбаев қаласының тұрғыны Орал мырза (1960 жылы туған) бес уақыт намазын мешітте қылуға тырысатындығын, мешіттің басқа жұмыстарына да атсалысатындығын білдірді. Бұл оған ҚМДБ тарапынан жарияланған еңбектерге қолжеткізуге мүмкіндік беретін көрінеді. Сондықтан, үйінде қазақтардың рухани өмірінде маңызды болған кісілердің еңбектері бар екендігін, қызықты ақпараттарды сол жерден оқитындығымен бөлісті. Сәтбаев қаласының бас мешітіне аты берілген Балмағамбет Балқыбайұлының өлеңдері арқылы Яссауи іліміне қызыққан Орал мырза, кейін Яссауи хикметтерімен танысқан. Ол сонымен қатар ҚМДБ жариялаған басылымдарды жүйелі оқып тұратындығын, сол арқылы қазақ руханиятында маңызды болған дін ғұламалары мен қайраткерлері жайлы ақпараттарды білетіндігін баяндады.

Ұлытау селосының тұрғыны Мұса мырза (1961 жылы туған) да дәл Өмірзақ ақсақал мен Орал мырзалар секілді ауылдағы мешіттің арқасында ҚМДБ тарапынан жариялаған басылымдарға және кітаптарға қол жеткізе алады екен. «Ауылдың мешітіне қызықты кітаптан екі дана келсе біреуін міндетті түрде сатып алуға тырысамын» дейді, Мұса мырза. Бұған қоса, діни білімі бар ол, өзіне дін үйреткен имамдармен және «білімді ұстаздармен» жақсы қарым-қатынас ұстап тұруға тырысатындығын, осы достықтың арқасында көптеген дін ғұламалары мен қайраткерлерінің өмірлері жайлы жаңа ақпараттарды естіп-біліп тұратындығын білдірді. Сұхбат Мұса мырзаның үйінде жүргізілгендіктен жеке кітапханасымен танысуға мүмкіндік туды. Жеке кітапханада қазатардың рухани өмірі жайлы көптеген құнды еңбектер бар еді.

Өмірзақ ақсақалдың айтуынша қазақ руханияты үшін маңызды дін ғұламаларының көптеген еңбектері 1930-1940 жылдары билік тарапынан тәркіленіп, кейін жойылған. Өзі де бала кезінде сондай бір жағдайға куә болып, ауылдарында молдалық қылып, бала оқытқан ірі ғұламаның кітаптарын жоюға куәгер болғандығын өкінішпен білдірді. Иса ақсақал да бұндай жағдайлардың орын алғандығын растады. Оның айтуынша бұл саясат 1950-1960 жылдары да жалғасқан. Кеңес Одағының күштік құрылымдары және партия органдарында жұмыс істеген қызметкерлер бұндай еңбектерді тіпті мазарлардан қазып алып, кейде қабырғаларында тығылған жерлерден ойып алып, жағып жіберген. Ақсақалдың әкесінің ағасы партия органдарында қызмет істеген кісі екен. Қызметінен айрылып қалудан қорыққан ол, өз туыстарының үйінде діни немесе тіпті арап әрпімен жазылған кітап көрсе басшылыққа білдіместен өзі-ақ өртеп жіберетін болған. Ақсақал, әкесі үйлерінде болған сонша кітаптың ішінен тек бір дана Құран кітапты сақтап қалғандығын және қайтыс болғанша сол кітапты тығып оқығандығымен бөлісті.

Сұхбатты төртінші сұрағында қатысушылардың «Сіздің отбасыңызда діни сенімі үшін қудаланғандар болды ма?» деп сұралды. Дін ғұламаларына қарсы жасалған қысым Ықлима ханымның отбасына тікелей әсер еткен көрінеді. Ханымның нағашы атасы Ақтөбе облысында орналасқан бір мешіттің имамы болған және 1931 жылы дінге қарсы жүргізілген қудалау науқанында ОГПУ қызметкерлері тарапынан өзі имамдық қылған мешіттің оң жақ қабырғасына шығарылып, сол жерде атып өлтірілген. Ханымнан нағашы атасынан қалған кітап немесе қолжазба болып-болмағандығы жайлы сұралғанда ол жайлы нақты ештеңе

білмегендігін білдірді. Ықлима ханымның пайымдауынша, қандай да бір қолжазба немесе еңбек қалған жағдайда да олар тәркіленіп, *«сол жерде-ақ көзі жойылар еді»*.

Өмірзақ ақсақалдың әкесі дін ғұламасы болмаса да діни сауаты бар кісі болған көрінеді. Ақсақалдың айтуынша діни біліммен қоса әкесінің зайырлы да білімі болған және ол кісі сол кездегі Қазақ КСР-нің астанасы – Алматы қаласында лауазымды қызмет атқарған. Ақсақалдың әкесі дінге қудалау басталған кезде отбасымен Алматыдан қашып, туған өлкесіне келіп бас сауғалаған: өмір бойы діндарлығы және намазды тастамағаны үшін биліктен қысым көріп, қызметке тұра алмаған. Ақсақал Большевиктердің қазақ жеріне алғаш келгендерінде дінмен аралары жақсы болғандығын баяндай келе, бұл жақындық 1920-шы жылдардың соңында бұзылғандығын, әкесінің де осы кезде қысым көре бастағандығын білдірді. Ақсақалдың әкесінен алған бұл ақпараттардың Араповтың ебектерінде келтірілген деректермен сәйкес келетіндігін байқауға болады. [6: 13 б.]

Ұлытау селосының тұрғыны Байбол ақсақалдың (1928 жылы туған) да аталары аудан аумағында мешіт-медресе ұстаған кісілерден екен. Большевиктердің дінге қарсы саясатының әсерінен мешіт пен медресе өртелген. Ақсақал әлі күнге коммунистік идеологияны берік ұстанатындықтан Большевиктердің бұл саясаты туралы жаман ештеңе айтпады. Өзінің әлі күнге дейін Сталинист және оның идеяларына адал екендігін сөйлеген ол өзінің аталары жайлы айтқаннан гөрі коммунистердің жүргізген индустриализация саясатын айтқысы келетіндігі аңғарылды. Біз де сұраққа табанды тұрып алғанымызды байқаған ол, сұхбаттың соңында әлі де болса аталарының ұстаған медресесінің қирандысы тұрғандығын және ол жердің *«дала кезген»* кейбір саяхатшылар үшін зиярат орнына айналғандығын айтты. Ақсақал өзі коммунист-сталинист болса да балаларының діни білім алуларына қарсы болмаған екен: 6 баласының 2-еуінде, оның ішінде бір баласының жоғарғы діни білімі бар болып шықты.

Жезқазған қаласының тұрғыны, зейнеткер Жеңіс мырзаның (1955 жылы туған) атасы дін ғұламасы болмаса да ауылындағы халыққа діни білім беру үшін молда ұстаған бай болған. Байлардың мүлкін тәркілеу саясаты басталған кезде қудалаудан қорыққан ол, Түркістан өңіріне қашып, бас сауғалаған. Осылайша, ақсақалдың ауылында діни білім беру тоқтаған. Жеңіс мырзаның атасы байларды қудалау тоқтағаннан кейін туған жеріне оралған көрінеді.

Сұхбаттың соңғы сұрағында қатысушыларға *«Кеңес Одағында дін ғұламалары мен қайраткерлерінің есімдері неден ұмытылды деп ойлайсыз?»* деген сұрақ қойылды. Жеңіс мырза дін ғұламалары мен қайраткерлерінің есімдерінің ұмытылуына мемлекеттің ресми коммунистік идеологиясы мен қатаң атеизм пропагандасы себеп болды деп пайымдайды. *«Атеизм саясатының әсерінен діни дәстүр үзіліп, қоғамда намаз қылып, ораза ұстаған адамдар азайып, осының салдарынан ғұламалардың аттары ұмытыла бастады»* деген ол, өз ойын *«мектепте бізге Құдай жоқ, сенбеңдер!»* деп оқытты, үйге келгенде ата-анамыз бұған қарсы ештеңе айтпайтын, өйткені Одақта мұғалімдер Лениннің жердегі көлеңкесі секілді көрінетін еді, олар балаға не үйретсе де, қалай қорласа да ата-ана бір сөз де қарсы айта алмайтын» деп жалғастырды. *«Шәкәрімнің өзін Кеңестер дәуірі аяқталар кезде бірақ естідік»* деген ол, осылайша Одақта мектеп пен университетте берілген білімді дін ғұламалары мен қайраткерлерінің есімдерінің ұмытылуының басты себебі ретінде көретіндігін білдірді.

Ықлима ханым мен Жезқазған қаласының тұрғыны, зейнеткер Күлзиба ханымдар (1949 жылы туған) да білім жүйесіндегі атеизм пропагандасын дін ғұламалары мен қайраткерлерінің есімдерін ұмытуда басты себеп ретінде көретіндіктерін айтты. Күлзиба ханым мектептегі оқуы барысында атеистік пропагандадан өткендігін, тәуелсіздік жылдарына дейін дін жайлы ешбір мардымды түсінігі болмағандығын білдірді. Ықлима ханым да мектепте және университетте *«қарсы діни білімнің»* берілгендігін баяндай келе, *«дін жайлы қоғамда ештеңе айтылмайтын, дін жайлы тек үлкендер өз араларында сөйлесетін, біз тек құлағмыз шалып қалғандарды ғана білетінбіз»* деді. Иса ақсақал мешіттердің жабылуы мен медреселердегі білімнің тоқтауын дін ғұламалары мен қайраткерлерінің есімдерінің халық жадында өшуінің басты себебі ретінде көре екен. Оның ойынша, дін

ғұламаларының есімдері ҚМДБ қарасты медреселердің ұстаздары мен мешіт имамдары тарапынан қайта жаңғыртылған. Өмірзақ ақсақал да мешітте діни сауат ашуы барысында дін ғұламаларының өмірлеріне қызыға бастаған және сол кісілердің өмірлерін зерттеу арқылы қазақ руханиятындағы «дәстүр сабақтастығын» тапқан.

### Нәтиже

Сұхбаттың бірінші сұрағынан-ақ қазақтардың діни жадында травманың орыналғандығы ортаға шықты. Сұхбатқа қатысушылардың кейбірі «тарихта болған дін ғұламалары» деген тіркесті естімей, қазақ халқының тарихында дін ғұламалары болмағандай жауап бере бастады. Бұл Кеңестер Одағында ол кісілердің есімдерін ұмыттырту саясатының қаншалықты қатты жүргізілгендігін көрсетті.

Екінші сұрақтан Кеңестер дәуірінде сұхбатқа қатысушылар дін ғұламалары және қайраткерлері жайлы ақпараттарды отбасыларында естігендігі ортаға шықты. Бұл дәуірде отбасы жады діни дәстүрдің ғана емес, сонымен қоса дін ғұламалары мен қайраткерлерінің аттарын сақтауда да маңызды болған. Сонымен қоса, қатысушылардың дін ғұламалары мен қайраткерлері жайлы білетін ақпараттарының басым бөлігі тәуелсіздік жылдарында, оның ішінде 2010 жылдардан кейін алғандары байқалды.

Үшінші сұрақ барысында ҚМДБ 2000-2010 жылдары елде ушығып тұрған діни жағдайды тұрақтандыру мақсатында 2011 жылдан бастап қазақ руханияты үшін маңызды дін ғұламалары мен қайраткерлерінің есімдерін қайта жаңғырта бастағандығы ортаға шықты. Бұл Қазақстанның сол кезден бастап дін саласында қолдана бастаған жаңа саясаты - яғни «дәстүрлі исламды» орнықтыру үшін жасалғанға ұқсайды. Бұл істі тиімді жүргізу үшін ҚМДБ газет-журналдар мен кітаптар басу әдістерін қолданғанға ұқсайды. Дін ғұламалары мен қайраткерлерінің есімдерінің қайта жаңғыруында мешіт тұрғызу, сондай-ақ, қазақтардың ас беру, шежіре жазу және аталарының басына мазар көтеру секілді дәстүрлері де маңызды рөл ойнаған. Сонымен қатар, мешіттер мен медреселерде берілген білім де діни жадта бұл кісілердің есімдерін жаңғыртқан.

Төртінші сұрақтан дін ғұламаларына қарсы жасалған қысымның сұхбатқа қатысушы кейбір кісілердің отбасына тікелей қатысты болғандығы ортаға шықты. Діни жадтағы травма тек дін ғұламаларының қудалануымен ғана емес, сонымен қатар діни білімнің тоқтауымен, мешіт пен медреселердің қиратылуы және діни әдебиеттердің жойылуымен қатар жүргізілген.

Соңғы – бесінші сұрақтан дін ғұламаларының есімдерінің ұмытылуында бірінші кезекте Кеңестер Одағындағы білім жүйесінің: яғни мектептер мен университеттерде берілген білімнің маңызды рөл ойнағандығы ортаға шықты.

### Қорытынды

Жүргізілген зерттеуден дін ғұламалары мен қайраткерлерінің есімдерінің діни және ұжымдық жадта қайта жаңғыруына 2000-шы жылдардағы елдегі діни жағдайдың ушығуы себеп болды деген қорытынды жасай аламыз. Бұл кезде билік дін саласында 1990 жылдары басшылыққа алынған «Алаш діндарлығы» мен дін істерін жергілікті молдаларға қалдыру саясатының, сонымен қоса 2000-2011 жылдары белсенді жүргізілген қазақ мұсылмандығын «сопылық исламмен» байланыстыру саясатының нәтиже бермегендігі түсінді. Сондықтан, діни жағдайдың одан да қатты ушығып, тіпті бақылаудан шығып кетуінен қорыққан билік елдегі діни жағдайды тұрақтандыру үшін жаңа тұжырымдама іздеді.

Ушыққан діни жағдайды 2011 жылғы мазхаб зерттеулеріне және 2012 жылғы ақида зерттеулеріне сүйене отырып тез арада шешу мүмкін болмады. Сондықтан, билік 2013 жылдан бастап дін саласында «дәстүрлі ислам» тұжырымдамасын қолдана бастады. Бұған дейін діни жадтағы сабақтастыққа мән бермей келген ҚМДБ де «дәстүрлі ислам» тұжырымының орнығуымен мұсылмандық мәселелерінде діни тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін сабақтастықтың маңыздылығын қабыл етті. Осы кезде ұжымдық жадта дін



ғұламалары мен қайраткерлерінің есімдері қарқынды түрде жаңғыра бастады. Бірақ, бұл әлі де толық аяқталмаған үрдіс деген қорытынды жасауға болады. Өйткені әлі де болса діни жадтағы травманың ауқымы зерттелмеді. Соңғы жылдары билік халықтың қарқынды түрде діндарланып кетуінен және дін саласындағы саясатты уыстан шығарып алудан қорыққандықтан бұл үрдісті біраз тоқтатып қойғандығы байқалады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Ассман А. Длинная тень прошлого: мемориальная культура и историческая политика (пер. Б. Хлебникова). – Москва: Новое литературное обозрение, 2014. – 328 с.
2. Ассман Я. Культурная память: письмо, память о прошлом и политическая идентичность в высоких культурах древности (Пер. М.М. Сокольской). – Москва: Языки славянской культуры, 2004. – 368 с.
3. Кагарлицкий Б.Ю., Сергеев В.Н. История России: миросистемный анализ: учебное пособие. Изд. стереотип. – Москва: ЛЕНАНД, 2018. – 432 с.
4. Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – 528 б.
5. Ғылмани С. Заманымызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары. I том. (Шығар. Ә.Қ. Муминов, Франк А.Дж.). – Алматы: Дайк-Пресс, 2013. – 576 б.
6. Ислам и советское государство. Вып. 1: по материалам Восточного отд. ОГПУ. 1926 г. (Вступ. ст., сост. и коммент. Д.Ю. Арапова и Г.Г. Косача). – Москва: Изд. дом Марджани, 2010. – 152 с.

**Р.К. Ибраев, Н.О. Байгабылов, Ж.А. Тусупбеков, А.Д. Абуова**

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

### Влияние различных травм на религиозную память казахского народа

**Аннотация.** Данная научная статья представляет исследование темы травмы религиозной памяти в контексте истории Казахстана. В статье отмечается, что в истории каждого народа, включая казахов, соседствуют не только радостные моменты, но и трагические события, оставляющие глубокие следы в коллективной памяти. В данном контексте рассматривается несколько политических и социальных ситуаций, включая гонения на баев и на казахскую интеллигенцию, которые оказали значительное воздействие на историческую память казахов.

Особое внимание уделяется малоизученной теме травмы религиозной памяти казахов в период с 1928 по 1964 годы. В этот период власти проводили масштабные репрессии, включая закрытие мечетей и медресе, прекращение религиозного образования. Однако одной из значимых составляющих этой травмы стали гонения против религиозных учёных и деятелей, которые играли важную роль в сохранении культурных и религиозных традиций казахов.

Статья представляет результаты исследования места религиозных учёных и деятелей в травме религиозной памяти казахов. Авторы также анализируют мотивы, по которым советская власть стремилась стереть их имена из коллективной памяти, в то время как эти имена продолжали существовать в семейной памяти и возрождались после обретения независимости Казахстана. Это исследование позволяет не только более глубоко понять значимость наследия религиозных учёных и деятелей, но и подчеркнуть важность анализа влияния травмы на коллективную память народа. Оно может быть полезным для исследователей, занимающихся сохранением религиозной памяти в условиях стресса и передачей этой памяти будущим поколениям.

**Ключевые слова:** социализация, религия, коллективная память, религиозная память, историческая травма, формирование идентичности, религиозные обряды, психология забывания, процесс вспоминания.

R.K. Ibrayev, N.O. Baigabylov, Zh.A. Tusupbekov, A.D. Abuova  
*L.N. Gumilyov Eurasian National University*

### The impact of various traumas on the religious memory of the Kazakh people

**Abstract.** This scientific article delves into the exploration of religious memory trauma within the historical context of Kazakhstan. The paper underscores that in the annals of every nation, including the Kazakh people, one encounters not only moments of elation but also somber incidents that etch profound imprints on collective memory. It meticulously examines various political and societal circumstances, notably the persecution of the Bai and Kazakh intelligentsia, which profoundly influenced the historical recollection of the Kazakh populace.

A particular focus is directed towards the relatively unexplored domain of Kazakh religious memory trauma spanning from 1928 to 1964. During this epoch, authorities orchestrated extensive repressive measures, encompassing the closure of mosques and madrasas, alongside the termination of religious education. Remarkably, a pivotal facet of this trauma emanated from the persecution of religious scholars and luminaries, who played pivotal roles in upholding the cultural and religious traditions of the Kazakh community.

This article furnishes empirical findings elucidating the role of religious scholars and luminaries in the context of Kazakh religious memory trauma. Furthermore, it undertakes a discerning analysis of the motivations underpinning the Soviet authorities' efforts to efface their names from the collective memory, even as these names endured in familial recollection and experienced resurgence following Kazakhstan's attainment of independence. The study not only advances a profound comprehension of the significance of the heritage of religious scholars and luminaries but also accentuates the criticality of scrutinizing the impact of trauma on the collective memory of societies. This research is poised to be invaluable for scholars engaged in the preservation of religious memory under duress and its transmission to forthcoming generations.

**Keywords:** socialization, religion, collective memory, religious memory, historical trauma, identity formation, religious rituals, psychology of forgetting, process of remembering.

### References

1. Assman A. Dlinnyaya ten' proshlogo: Memorial'naya kul'tura i istoricheskaya politika (per. B. Hlebnikova) [The Long Shadow of the Past: Memorial Culture and Historical Politics (translated by B. Khlebnikov)] (Moskva, Novoe literaturnoe obozrenie, 2014, 328 s.) [Moscow, New Literary Review, 2014, 328 p.]. [in Russian]
2. Assman YA. Kul'turnaya pamyat': Pis'mo, pamyat' o proshlom i politicheskaya identichnost' v vysokih kul'turah drevnosti (Per. M.M. Sokol'skoj) [Cultural memory: Writing, memory of the past and political identity in the high cultures of antiquity (Translated by M.M. Sokolskaya)] (Moskva, YAzyki slavyanskoj kul'tury, 2004, 368 s.) [Moscow, Languages of Slavic Culture, 2004, 368 p.]. [in Russian]
3. Kagarlickij B.YU., Sergeev V.N. Istoriya Rossii: Mirostemyj analiz: Uchebnoe posobie [History of Russia: World-system analysis: Textbook] (Moskva, LENAND, 2018, 432 s.) [Moscow, LENAND, 2018, 432 p.]. [in Russian]
4. Tileshov E., Kamzabekuly D. Alash kozgalysy. Enciklopediyalyk anyktamalyk [Alash movement. Encyclopedic handbook] (Almaty: Sardar, 2014, 528 b.). [in Kazakh]
5. Gylmani S. Zamanymyzda bolgan gulamalardyn gumyr tarihtary. I tom [Life stories of contemporary scholars. Volume I] (Almaty: Dajk-Press, 2013, 576 b.) [Almaty: Dyke-Press, 2013, 576 p.]. [in Kazakh]
6. Islam i sovetskoe gosudarstvo. Vyp. 1: po materialam Vostochnogo otd. OGPU. 1926 g. [Islam and the Soviet state. Vol. 1: based on materials from the Eastern department. OGPU. 1926] (Moskva: Izd. dom Mardzhani, 2010, 152 s.) [Moscow: Publishing house. Marjani House, 2010, 152 p.]. [in Russian]

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Ибраев Р.К.** – Дін әлеуметтануы мамандығы бойынша PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А. Янушкевич көш. 6, Астана, Қазақстан.

**Байгабылов Н.О.** – Әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А. Янушкевич көш. 6, Астана, Қазақстан.

**Тусупбеков Ж.А.** – Әлеуметтану мамандығы бойынша PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А. Янушкевич көш. 6, Астана, Қазақстан.

**Абуова А.Д.** – Әлеуметтану мамандығы бойынша PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А. Янушкевич көш. 6, Астана, Қазақстан.

**Ibrayev R.K.** – PhD in Sociology of Religion, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich st. 6, Astana, Kazakhstan.

**Baigabylov N.** – Head of the Department of Sociology, Candidate of Social Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich st. 6, Astana, Kazakhstan.

**Tusupbekov Z.A.** – doctoral student of the department “Sociology”, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich st. 6, Astana, Kazakhstan.

**Abuova A.D.** – doctoral student of the department “Sociology”, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich st. 6, Astana, Kazakhstan.